

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ**

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

«Бекітемін»

ҚММУ ректоры, м.ғ.д., профессор
Досмағамбетова Р.С.

«Жалпы медицина» мамандығы
«Педиатрия» дайындау бағыты
«Балалар аурулары» пәні бойынша
тесттік тапсырмалар

Құрастырған:

м.ғ.к., №1 балалар аурулар
кафедрасының доценті Жупенова Д.Е.,
м.ғ.к., №2 балалар аурулар
кафедрасының профессор м.а.
Кизатова С.Т.

**№1 балалар аурулары
кафедрасының меңгерушісі**

м.ғ.д., профессор Скосарев И.А.,
№ 2 балалар аурулары
кафедрасының меңгерушісі
м.ғ.д., профессор Тукбекова Б.Т.

02_01_05_Балалар аурулары_каз

\$\$\$001

Қыз бала 1 жас 10 айда, жедел респираторлы вирусты инфекция және ішек дисфункциясы бойынша стационарлы ем алған орталық ауруханасынан реанимация бөліміне жеткізілді. Стационарда болған 7 күн ішінде баланың жалпы жағдайы нашарлады – фебрильді қызба, әлсіздік, құсу байқалды. Балада шөлдеу, зәр шығаруы жиіледі, нәжісі 1-2 рет тәулігіне, аз мөлшерде, жасыл араласқан. Регидратационды емге қарамастан эксикоз көріністері күшее берді. Түскен кезде аш қарынға қандағы қант мөлшері – 50,3 ммоль/л. Жалпы жағдайы прекома деп бағаланды. Ацетонға алынған зәр анализі күмәнді, плазма осмолярлығы – 500 мосм/л, Na 180 ммоль/л, мочевина 15,3 ммоль/л, холестерин 16 ммоль/л. Балада аурудың қандай асқынуы дамыған?

- A) гипогликемиялық кома
- B) гиперосмолярлық диабетикалық кома
- C) инфекциянды-токсикалық шок
- D) кетоацидотикалық диабетикалық кома
- E) лактатацидемиялық диабетикалық кома

{Дұрыс жауап}= B

{Күрделілігі}= 2

{Оқулық}=(Дедов И.И. Детская эндокринология : руководство для врачей / И. И. Дедов, В. А. Петеркова. - М. : Универсум Паблишинг, 2006. - 600 с. : ил.)

{Курс}= 6

{Семестр}= 12

\$\$\$002

8 жастағы ұл бала 4 жылдай қант диабетімен ауырады. Аурудың ағымы ауыр, бірнеше рет шұғыл түрде кетоацидозға байланысты ауруханаға жатқызылған. Ұзақ әсерлі инсулинді алып жүр (2 инъекция тәулігіне). Қандағы және зәрдегі глюкоза мөлшерін бақылау мүлдем жүргізілмейді. Кешкі уақытта бала қатты мазасызданып, кешкі тамақтан бас тартты. Түңгі уақытта бала мазасызданумен, қорқыныш сезімімен оянды. Қолдарының, жақтарының дірілдеуі, тершендік байқалды. Осы жағдайдың даму себебі қандай?

- A) гипогликемиялық жағдай
- B) кетоацидоз
- C) диабетикалық энцефалопатия
- D) лактатацидоз
- E) диабетикалық нефропатия

{Дұрыс жауап}= A

{Күрделілігі}= 2

{Оқулық}= (Дедов И.И. Детская эндокринология: руководство для врачей / И. И. Дедов, В. А. Петеркова. - М. : Универсум Паблишинг, 2006. - 600 с. : ил.)

{Курс}= 6

{Семестр}= 12

\$\$\$003

Ұл бала 8 жаста, 1 сағат бойы ессіз жатыр, Куссмауль тынысы, беті қызарған, терісі құрғақ, көз алмасы жұмсақ, аузынан ацетон иісі шығып тұр. 3 апта бойы шөлдеу, жиі дәретке отыруы, 1 кг арықтауы мазалаған. Қандағы қант 28 ммоль/л. Төменде көрсетілген диагноздардың қайсысы балаға сәйкес.

- A) Қант диабеті
- B) Қантсіз диабет
- C) Кетоацидотты диабеттік кома
- D) Менингит
- E) Гипогликемиялық кома

{Дұрыс жауабы}= C

{Күрделілігі}= 2

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары: оқулық-Ақтөбе, 2012.- 1144б)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$004

12 жастағы қыз бала бойшаң, булимия, шөлдеу, семіздік 3 жәрежелі, ақшыл стриялар сүт безінде, санында, иығында, ішінде. Қан қысымы - 135/ 85 мм.рт.ст. Осы атаған диагноздардың қайсысы тиімді болуы мүмкін.

- A) Конституционды- экзогенді семіздік
- B) Май алмасуының бұзылысымен гипоталамикалық синдром
- C) Церебральді семіздік
- D) Вазоренальді гипертензия
- E) Вегетативті дистонияның синдромы симптоматикалық типімен

{Дұрыс жауабы}= B

{Күрделілігі}= 2

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары:оқулық-Ақтөбе,2012.- 1144б)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$005

9 жасар қыз балада полиурия, полидипсия, соңғы айда дене салмағының төмендеуіне байланысты аймақтық дәрігер қант диабетіне күдіктенді. Аталғандардың ішінен қандай лабораторлы тесттермен диагнозды нақтылау қажет?

- A) глюкозурияға, фосфатурияға зәр анализі
- B) Зимницкий бойынша глюкозурияға зәр анализі
- C) глюкозурияға зәр анализі, глюкозо-толерантты тест
- D) глицинурияға, глюкозурияға зәр анализі
- E) амино-ацидурияға, глюкозурияға зәр анализі

{Дұрыс жауабы}= C

{Күрделілігі}=3

{Оқулық}=(Дедов И.И. Детская эндокринология: руководство для врачей / И. И. Дедов, В. А. Петеркова. - М.: Универсум Паблишинг, 2006. - 600 с. : ил.)

{Курс}= 6

{Семестр}= 12

\$\$\$006

14 жасар қыз бала. Күрделі өсуіне шағымданады. Анамнез бойынша-жанұясында бойларының ұзын болуы анықталған. 12 жастан бастап баланың бойы күрт өсуі байқалады. Құрдастардың ішінде ең бойшаңды. Қазіргі бойы 180 см. Эндокринолог бой өсуінің тежелу үшін ем тағайындалған. Аталғандардың ішінен превентивті фармакотерапия жүргізу үшін қай препараттар ең маңызды?

- A) глюкокортикоидтар
- B) қалқанша безінің гормондары
- C) эстрогендер
- D) гонадолиберин агонистері
- E) прогестерон

{Дұрыс жауап}= C

{Күрделілігі}= 3

{Оқулық}= (Н.П.Шабалов – Детские болезни, Санкт-Петербург, 2004 г.)

{Курс}= 6

{Семестр}= 12

\$\$\$007

Ұл бала 8 жаста, 1 сағат бойы ессіз жатыр, Куссмауль тынысы, беті қызарған, терісі құрғақ, көз алмасы жұмсақ, аузынан ацетон иісі шығып тұр. 3 апта бойы шөл, жиі дәретке отыруы, 1 кг арықтауы мазалаған. Қандағы қант 28 ммоль/л. Инфузионды терапияның бастапқы ертіндісін көрсетіңіз.

- A) 7,5 % калий хлор ертіндісі
- B) 0,9 % калий хлор ертіндісі
- C) 40 % глюкоза ертіндісі
- D) 5 % глюкоза ертіндісі
- E) Реополиглюкин

{Дұрыс жауабы}= B

{Күрделілігі}= 3

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары:оқулық-Ақтөбе,2012.-1144б)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14

\$\$\$008

Бала 42 аптада, салмағы 4000, бойы 51 см туылды. Бетінде және кеудесінде ісіну белгілері бар. Үлкен еңбек 4:4, сагитальды тігісі ашық

0,5 см. Адинамия, ұйқышылдық, апноэ ұстамалары, стридорозды тыныс күшеюде. Жылуды нашар ұстайды. Созылмалы сарғаю. Диагностиканы ең бірінші неден бастайды.

А) Т3 және Т4 анықтауы

В) Зәрде 17 -КС және 17-ОКС анықтауы

С) Қандағы кальцимен фосфар

Д) Қанның қанты

Е) Зәрдің қанты

{Дұрыс жауабы}= А

{Күрделігі}= 3

{Оқулық}= (Б. Түсіпқалиев Балалар аурулары:оқулық-Ақтөбе,2012.- 1144б)

{Курс}= 7

{Семестр}= 14